

«2023-2024 оқу жылының жазғы сессия қорытындыларын талдау» мәселесі
бойынша ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«28» маусым 2024 ж.

«2023-2024 оқу жылының жазғы сессия қорытындыларын талдау» туралы ақпарат Ғылыми кеңесте тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

– Бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша күндізгі және жеделдетілген күндізгі оқу нысандары студенттерінің жазғы емтихан сессиясы университеттің білім беру бағдарламаларының академиялық күнтізбелеріне сәйкес белгіленген мерзімде өтті.

– Күндізгі нысандағы 1-3 курс білім алушыларының жалпы саны – 2961. Оның ішінде 2350 студент барлық пәндер бойынша сессияны сәтті тапсырды; 3 студент шетелде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша білім алуда; 608 – түрлі себептермен академиялық кезеңде оқу бағдарламасын орындамады: оның ішінде сессияға келмеу, аралық кезең рейтингі мен пререквизиттер бойынша сәйкес келмеуі, қорытынды аралық рейтинг бойынша жіберілмеуі; «F-қанағаттанарлықсыз» (қайта тапсыру құқығынсыз) бағасын алуы; университеттің академиялық адалдық саясатын бұзуы.

– Абсолютті үлгерім 79,3% құрады; білім сапасы – 53,3%.

– Ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша магистратурада білім сапасы – 92,2%; докторантурада – 100%.

«2023-2024 оқу жылының жазғы сессия қорытындыларын талдау» бойынша ақпарат тыңдалып, талқылағаннан кейін **Ғылыми кеңес шешімі**:

1. Жалпы білім беретін пәндердің (блог ООД) мазмұны мен сапасына және сол пәндердең сабақ беретін ПОҚ біліктілігіне талдау жүргізілсін (*жауапты* – Стратегиялық талдау және сапа басқармасы; *орындау мерзімі* – 30.09.2024 ж.).

2. Білім алушылардың білім сапасын бағалау жөніндегі комиссия құрылсын (*жауапты* – академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры; *орындау мерзімі* – 30.09.2024 ж.).

3. Білім берудің барлық нысандары мен деңгейлеріндегі білім алушыларымен академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу (*жауапты* – жоғары мектеп декандары; Жастар орталығы, «Саналы ұрпақ», Тіркеу офісі; *орындау мерзімі* – тұрақты).

4. Бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша емтихандардың барлық нысандары бойынша емтихан материалын әзірлеу сапасына бақылауды қамтамасыз ету (*жауапты* – академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры; *орындау мерзімі* – жыл бойы).

5. Білім берудің барлық нысандары мен деңгейлері бойынша білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау тапсырмаларын әзірлеу сапасын қамтамасыз ету (*жауапты* – академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры; *орындау мерзімі* – академиялық күнтізбеге сәйкес).

6. Компьютерлік тестілеу түріндегі емтихан тесттері бойынша «1 академиялық кредит –100 сұрақ» нормасы бекітілсін (*жауапты* – ББ жетекшілері; *орындау мерзімі* – академиялық күнтізбеге сәйкес).

Шешімдердің орындалуын бақылау академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Таубаевқа жүктелсін

Ғылыми Кеңестің Төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Н.К. Байгабатова